

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

Ясауи университеті - сіздің газетіңіз

№11(475) 30 қыркүйек 2024 жыл

БҮГІНГІ
НӨМІРДЕТҮРКІСТАНДА
ТУҒАНЫМА
ҚУАНАМЫН!

Қазақтың ұлт болу жолындағы жасалған әрбір қадамның астында Түркістан аты жасырулы тұр десек қателеспеспіз. Киелі мекенде халқымыздың бірегей тұлғалары, би-шешендері мен хандары жерленген. Қаланың ерекше тұстарының бірі осы болса керек. Тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың қолдауымен бүгінде киелі шаһар Түркістан облысы атауын қоса иемденген дамушы қала атануда. Еліміздің оңтүстігінің орталығы болған күннен бастап қаламыз барлық жағынан өсіп келеді. Түркістанның тарихи мәдениет үлгісін сақтай отырып ежелгі өркениетпен бүгінгі заманаға сай ғимараттарды ұштастыра салуды да жоспарларлауда.

2 БЕТТЕ

ӘДЕП САҚТАЙ
БІЛЕСІЗ БЕ?

Мінез-құлық нормаларын білу және оны ұстану, өз іс-әрекеттерін ұстамдылық және бақылау қабілеті, адамдарға назар аудару және құрмет – бір сөзбен айтқанда, қоғамда жақсы мәнер деп санауға қабылданған барлық адам мінез-құлқының мәдениетіне жатады және этикетпен реттеледі.

3 БЕТТЕ

XXI ҒАСЫР ЖАҢА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ҒАСЫРЫ

Оқу – тәрбие жұмысының әр түрлі тақырыптары мен мәселелері бойынша ашық сабақтар. Тәжірибені зерделеу мен қорытудың бұл нысаны барлық мектептерде кеңінен қолданылады. Тәжірибелі педагогтардың ашық сабақтарына қатыса отырып, олардың әріптестері мен мектеп басшылары тәжірибенің шын мәніндегі озық жақтарын бүкіл ұжым болып талқылайды, атап көрсетеді, нақты педагогтың озат тәжірибесінің басқалардың игілігіне айналатын жағдайларын анықтайды.

4-5 БЕТТЕ

ЖОЛДАУ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ
2024 ЖЫЛҒЫ 2 ҚЫРКҮЙЕК

АЭС бойынша референдум 6-қазанда өтеді. Мемлекет басшысы әлемде энергия тапшылығының күшейіп бара жатқанына ерекше тоқталып өтіп, атом энергетикасын дамытуға баса мән беру керек екенін атап өтті. Сондықтан Қазақстан болашаққа қадам жасауы керек.

Салық бойынша енді мәжбүрлеу шарасы азаяды. «Берешек сомасы тым көп болған жағдайда, кепілге мүлік қояды талап етпей, қарызды бөліп төлеуге мүмкіндік берген жөн» деді. Бұрын азын-аулақ салық төлеуді ұмытып кетіп немесе болмашы тиын-тебен салық үшін бұғаттап тастайтын еді. Басымыздан бірнеше мәрте өтті. Енді олай жасамайтын болды.

Субсидия бойынша арнайы комиссия 2 миллион ірі қара және 3 миллионнан астам уақ санда бар, санатта жоқ екенін анықтапты. Егін шаруашылығы саласында да осындай жайттар бар екені белгілі болды. Қысқасы осындай заңсыздық жасағандарды жазалау күшеймек. Жер телімдерін бөленбай гектар етіп алып, пайдаланбай жатуға қатысты да тексеріс артатыны айтылды. Субсидия саласын расымен мұқият тексеру керек. Біреулерде мал бар, бірақ субсидия ала алмайды. Ал енді біреулер құжат жүзінде мал тіркетіп, шынайы шаруаларды субсидиядан қағып келеді. 5 млнға жуық мал тек қана құжатта бар, өмірде жоқ болып шыққаны масқара.

Жолдарды жөндеу бойынша Астана-Алматы, Ақтөбе-Атырау-Астрахань, Талдықорған-Өскемен бағытындағы күре жолдарды қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып қалғанын айтты. Бұрын 2,5 мың шақырымға созылатын облысаралық және ауданаралық жолдарды салу және жөндеу тапсырылған, енді оны 4 есе арттырып, 10 мың шақырымға жеткізу тапсырылды.

Туризм бойынша Балқаш және Алакөл демалыс аймақтарындағы ұшу-қону жолақтары толық жаңғыртылғанын айтты. Енді Қатонқарағай, Зайсан және Кендірлі өңірлерінің де туристік әлеуетін арттыру үшін сапасы жоғары жол инфрақұрылымы бар әуе бекеттері мен әуежайлар салуды тапсырды. Алакөлдің Үшарал жағы қандай екенін білмедім, бірақ Үржар жағы дамып жатыр. Үржардың әуежайы жаңартылып, ұшу жолағы кеңейтілді.

«Ал Қатонқарағайға расымен тақтайдай жол керек. Табиғаты қандай керемет жер, бірақ кей тұста жолы өте нашар. Бүйрегің түсіп қалады. Ең алдымен «Рахман бұлақтарына» баратын жағын жөндеп қойса дұрыс болар еді. Баяғыда барғанымда өте нашар елі жолы», — деді саясаттанушы Асхат Қасенғали.

Орманды алқаптар елімізде өте аз екені белгілі. 5 пайызға да жетпейді. Орманды алқаптың санын арттыруға қатысты былай дейді: «Семей орманы» аясында орман тұқым бағы бар. Бұл – Орталық Азиядағы халықаралық озық талаптарға сай көшет өсіретін бірден-бір кешен. Осы жобаны басқа да орманды аймақтарда іске асыру керек».

«Кең дала, шөл мен шөлейтті елміз. Географиядан

солдай оқыдық. Әр ағаштың орны ерекше. Арал жаққа сексеуіл егіп жатқан жобаны көріп едім. Сондай жобалар керек әр аймаққа. Өрине әр аймаққа егілетін ағаш та сол аймақтың климатына сай болады ғой», — деді саясаттанушы.

Ауыл әкімдерін сайлауға қатысты айтып, 2021 жылдан бері 2,5 мыңға жуық әкім сайланғанын айтты. Яғни 90 пайыз ауылдың әкімін сайлау өткен, олардың ішінде



60 пайызы бұрын мемлекеттік қызметте болмағандар деген ақпаратты келтірді. Бұл үрдіс жалғасады дейді.

Алайда осы ауыл әкімдерін сайлау процесін сәл өзгерту керек-ау. Біраз ауыл әкімдерінің сайлауын көрдім, рушылдық деген көп айтылмаса да, осы ауыл әкімін сайлауда қатты көрінеді екен. Кандидаттың біліктілігіне емес, руына қарап дауыс бере салу дегенді байқап қалған тұстарым бар. Солтүстікте ауыл сайлауы қалай өтіп жатқанын білмедім, бірақ ол жақты да қарап, сараптау керек. Әлбетте ауыл, аудан, қала әкімдерін сайлау керек тәжірибе. Дей-тұра толықтырулар да қажет-ау.

Медицинаға бөлінген 3,3 триллион теңгенің нәтижесі көрініп жатқан жоқ деді Президент. Мемлекет басшысы мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің бірыңғай базалық топтамасын жасауды тапсырды. Елімізде білікті медицина мамандарының тапшылығы әлі де өзекті мәселе. Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен, медицина саласындағы білім сапасын барынша арттырған жөн. Соның ішінде грант құнын білім беру үдерістерінің деңгейіне қарай саралау арқылы белгілеп, тиімді тарату қажет деді Президент.

Еліміздегі 1300 мектепке күрделі жөндеу жүргізу қажет. Үкімет әкімдермен бірге оны қаржыландыру көздерін анықтап, соның ішінде демеушілерден де қаражат тартып, 3 жыл ішінде бұл мектептерді толық жаңартуға тапсырыс берді.

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ - УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

Таяуда университетімізге ҚР Сенатының депутаттары: Дархан Қыдырәлі, Алишер Сатыбалдиев, Амангелді Толамисов, Геннадий Шиповских, Ғалиасқар Сарыбаев арнайы келіп, оқу орнымыздың жұмысымен танысты.

Құрметті қонақтарды ректор Жанар Темірбекова, ректор өкілі м.а. Нажи Генч, вице-ректорлар және бөлім қызметкерлері күтіп алды.

Депутаттар, ең алдымен, оқу орнымыздың ғана емес, Түркістан қаласының мақтанышына айналған Ботаникалық бақты аралап, жақсы пікірлерін білдірді. Ректор Жанар Темірбекова ботаникалық бақтың қызметі және жүргізіліп жатқан жобалар туралы айтты. Соңғы жылдары жеткен жетістіктер мен енгізілген жаңа технологиялар туралы мәлімет берді.

ҚР Сенатының депутаты әрі Өкілетті Кеңес мүшесі Дархан Қыдырәлі де университетімізде біршама игі істер атқаралып жатқанын атап өтті. Әсіресе, депутаттар университет жылыжайында өсірілетін қызғалдақтарға қызығушылық танытты.

Бұдан әрі қонақтар Жеміс-жидектерді өңдеу цехіне барды. Коммерцияландыру жобасы негізінде жұмыс істеп тұрған кешеннің қызметімен толыққанды танысты. Мұнда университетіміздің ботаникалық бағында және қаладағы өзге де жылыжайларда өсірілген жемістер өңделіп, кептірілген дайын өнім алынады. Депутаттарға дайын өнімдер таныстырылып, қазіргі таңда сатылымға шығарылғаны хабарланды. Өз кезегінде, сенаторлар ботаникалық бақта атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы жоспарларына сәттілік тіледі.

БІЛІМГЕР ОЙЫ





Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ТҮРКІСТАНДА ТУҒАНЫМА ҚУАНАМЫН!

Дархан даласы тарихтың қатпар-қатпар белестерінен де әріректен сыр шертетін түркі жұртының рухани астанасына айналған киелі шаһар-Түркістанның атын білмейтін жан жоқ шығар, сірә. Түркістаннан ілім қуған бала да, кітап жазған дана да, ұлттың сөзін сөйлеген шайыр мен елдің қамын ойлаған батыр да шыққан. Арқыраған арғымақтар тұяғының дүрсілі, тасқын судай тасыған білім бұлағы, Есім ханнан бастау алған ұлы хандар тізбегі, шаһардың әрбір тасында өшпес тарих секілді сайрап жатыр. Қасиетті қаланың атақ даңқын алты құрлыққа әйгілеп отырған көгілдір күмбезді Қожа Ахмет Ясауи кесенесі екендігі анық. Кешегі үш жүзді бір ту астына жинаған Абылайды ақ киізге отырғызып хан сайлаған да Түркістан. Қиын-қыстау заманда Мұстафа Шоқайдың бастамасымен дәл осы қалада «Қазақстан» деген тәуелсіз республика құру барысы-



мен ұлт болып қалыптасу жолындағы келелі мәселелер шешілген жер де міне осы Түркістан қаласы. Қазақтың ұлт болу жолындағы жасалған әрбір қадамның астында Түркістан аты жасырулы тұр десек қателеспеспіз. Киелі мекенде халқымыздың бірегей тұлғалары, би-шешендері мен хандары жерленген. Қаланың ерекше тұстарының бірі осы болса керек. Тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың қолдауымен бүгінде киелі шаһар Түркістан облысы атауын қоса иемденген дамушы қала атануда. Еліміздің оңтүстігінің орталығы болған күннен бастап қаламыз барлық жағынан өсіп келеді. Түркістанның тарихи мәдениет үлгісін сақтай отырып ежелгі өркениетпен бүгінгі заманаға сай ғимараттарды ұштастыра салуды да жоспарларлауда.

Қазір қала аумағындағы жолдар жөнделіп, ескі үйлер бұзылып барлық жер шаңға оранып жатыр. Бәз біреулерге бұл ұнамауда, өз басым бұл іске қатты қуаныштымын. Қазір шаң болып жатқан аймақ келешекте көз сүріндірер ғимараттарға айналатына сенімдімін. Ер түріктің бесігі, екі дүние есігі атанған Түркістанды қаламына арқау етпеген ақын аз шығар. Бірақ қанша шебер тілмен жазсақ та Түркістандай киелі қаланың шын мәртебесін, шын мақтауын қандай бір теңеумен болсын деп баса алмаймыз. Себебі, Түркістанның тарихы тым тереңде, әрі тым әріректе жатыр. Сонау әлімсахан еліміздің тарихы мен Түркістан деген атау егіз ұғым секілді. Онан бері көптеген игі бастамалар Түркістаннан бастау алған. Менің елімнің тарихы Түркістанмен бірге түлеген. Оны мақтаудың өзіне сөз жетпейді. Мен мақтанбай-ақ мақталатын жерденмін. Мен атақ-даңқы алты алашқа белгілі Түркістаннанмын.

Аружан НҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ

Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырып, еліміздің ғылыми әлеуетін айқындауда негізгі күш Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарына түсетіні белгілі.

Еліміздегі ғылымды дамыту көрсеткіштеріне назар аударатын болсақ, ғылымды өркендетуде жоғары білім беру секторы жетекші орынға шықты деуге болады. ЖОО-ның ғылымды дамытатын негізгі күшке айналуына соңғы жылдары елімізде жүзеге асырылған бірқатар реформалар әсер еткені сөзсіз. ҚР Білім және ғылым министрлігінің еліміздегі жетекші университеттердің автономды бағытқа бұруы және оқу орындары жанынан ғылыми-зерттеу орталықтарының құрылуы ғылымды дамытуда негізгі күшке айналды.

Қазіргі таңда дамыған елдерде ғылыми-зерттеу орталықтарының көпшілігі іргелі университеттердің базасында дамып жатыр.

Жоғары ғылыми атағы мен біліктілігі жоғары ғалымдардың ғылыми жұмыстармен айналысуы медицина саласында байқалған

ТІЛІМ МЕНІҢ ТІРЕГІМ!

Қазақ тілі- қазақтың ел екенін айғақтайтын рухани байлығы, теңдессіз бай мұрасы. Ананың сүтімен бірге енген туған тілімізбен мақтанамыз.

Тілім менің – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сөз ойдағы,

Өссе тілім, менде бірге өсемін,

Өссе тілім, менде бірге өшемін! – деп, ақын атамыз Әбділдә

Тәжібаев жырлағандай, тіл де халықпен бірге өмір сүруі керек.

Елдігіміздің, ертеңіміздің жарқын болуы да тілге байланысты.

Себебі бүкіл дәстүріміз, салт-санамыз, әдет ғұрпымыздың

темірқазығы – тіл.

Қаншама ғасырлар бойы ата-бабамыз «аттың жалында, түйенің қомында» күн кешіп, қызғыштай қорғағаны – тоқымдай жер мен қасиетті тіліміз. Бізге қалдырған баға жетпес мұрасы. Өкінішке орай туған тілінде сөйлеуге намыстанатын, тіптен туған тілінде еркін сөйлей алмайтын жандар да кездеседі. Тілді шұбарлап сөйлейтіндер де бар. Тілді шұбарлау дегеніміз тұнық көлді лайлаумен тең нәрсе. Абай мен Мұхтар, Ыбырай мен Шоқан, Ахмет пен Мағжан сынды зиялылар сөйлеген тілде сөйлеу бақытына ие болғанымызды мақтан тұтуымыз керек.

Тілге деген құрмет-халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болуы үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Тіл қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп қалыптасады. Ана тілін сүйген адам-туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал бұлардың бәрі-адам баласы үшін қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын абзал, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер-ана тілі.

Қадір Мырзалиев «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей өзге тілді білген, үйренген жақсы. Оны «Бір тіл білсең – бір адамсың, екі тіл білсең – екі адамсың» деп Абай атамыз да айтқан.

Әр бір тілде сөйле әлемді таң қылып,

Ана тілін білмеу қандай заңдылық.

Өсер балаң ,байтақ далаң тұрғанда,

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!

Туған тіліміздің мәртебесі асқақтай берсін! Тіл жойылса тұтастай ұлт жойылып кетеді. Тілге құрмет-елге құрмет. Туған тілді құрметтеу – бізге міндет!

Асан СӨРСЕНБЕК

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Оқу ордамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы» жарлығы аясында деңгелек үстел өтті.

Басқосуға Түркістан қалалық мәслихатының төрағасы Ғаппар Сәрсенбаев бастаған зиялы қауым өкілдері және университетіміздің оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері қатысты.

Университетіміздің 3 бірдей оқытушысы «Болашақ» стипендиясының иегері атанды.

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешімімен 183 қазақстандық «Болашақ» халықаралық стипендиясына ие болды. Оның ішінде 33 қазақстандық ғалымға әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында ғылым және экономика үшін аса маңызды бағыттар бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуге гранттар бөлінді.

Айтулы стипендияға ие болған оқытушыларымыз:

1. Медицина факультеті, Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер кафедрасының меңгерушісі, Ph.D, аға оқытушы – Омарова Балнұр Әділбекқызы.

2. Медицина факультеті, Фундаментальды ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, Ph.D, доцент м.а. – Саржанов Фахриддин Нурмахамедович.

3. Жаратылыстану факультеті Биология кафедрасының, Ph.D, аға оқытушы – Саржанова Шахноза Мамаджановна.

Әріптестеріміз Америка Құрама Штаттарының Сан-Диегодағы Калифорния университетіне «Қоғамдық, экологиялық және кәсіби денсаулық сақтау» және «Микробиология» ғылыми бағыттары бойынша жолдамаға ие болды.

Түркияның Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Сейфуллах Хажымұфтуғлу бастаған делегация арнайы келді.

Құрметті қонақтарды оқу орнымыздың ректоры Жанар Темірбекова, ректор өкілі м.а. Нажи Генч және университет ұжымы «Атамекен» ұлттық ансамблімен бірге салтанатты түрде қарсы алды.

Түркияның Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Сейфуллах Хажымұфтуғлу, ең алдымен, университет басшыларымен кездесті. Кездесуде ректор Жанар Темірбекова оқу орнымыздың қызметі, жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы ақпарат берді. Сондай-ақ, тараптар Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығын дамыту мақсатында академиялық және ғылыми байланысты арттыру мүмкіндіктерін талқылады.

Оқу ордамыз бен Түркия Республикасының Бируни университетінің арасында өзара ынтымақтастық меморандумы түзілді.

Аталмыш келісім шартқа оқу ордамыздың ректоры Жанар Темірбекова мен Бируни университетінің вице-ректоры, профессор, доктор Мұстафа Солак қол қойды.

Негізгі мақсат- академиялық және білім беру ісінде ұтқырлық жұмыстарын дамыту мен өзге де салаларда ынтымақтастықты жалғастыру.

Тараптар алдағы уақытта: бірлескен зерттеу жұмыстары мен жарияланымдар, семинарлар мен академиялық кездесулерге қатысу, клиникалық тағылымдамадан өту мақсатында бакалавр немесе жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы студенттерінің алмасуы сынды мәселелер бойынша бірлесе жұмыс істеуге келісті.

«Ардагерлер Ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің республикалық көшпелі-кеңесі өтті.

Басты мақсат – президент Қасым Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» жолдауын жүзеге асырудағы ардагерлердің міндеттері туралы талқылап, ұйымдастыру.

Айтулы басқосуға «Ардагерлер Ұйымы» РҚБ Орталық кеңестің төраға мүшелері, Түркістан облысының ардагерлері, Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы өңірлік ардагерлер ұйымдарының басшылары, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев пен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жиында алғашқы сөзді алған Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ардагерлер Ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов маңызды баяндама жасады.

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың дәстүрлі жолдауын саралап, негізгі міндеттер мен ел дамуы жолында ұлт болып, адал еңбек ету туралы және т.б мәселелерді көтерді.

Университетіміздің спортшы жастары Албания мемлекетінің Тирана қаласында таеквондодан өткен «Albanian Open G1» рейтингілік халықаралық турнирінде жеңімпаз атанды.

25-29 қыркүйек күндері өткен сайыста Қазақстан құрамасы командалық есеппен 1-орыннан көрінді.

Студенттеріміз Аманбол Бегимбетов 63 кг салмақ дәрежесінде, ал Мақсат Орынбасар 74 кг салмақта 2-орынға ие болды. Асқар Өтеген 63 кг салмақ бойынша 3-орынды қанжығасына байлады. Айтулы додаға спортшыларымызды дайындаған – Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ренат Құралбаев.

ӘДЕП САҚТАЙ БІЛЕСІЗ БЕ?

Әдептілік — адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында әдепке ерекше мән беріледі. Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала адамдарының көзқарастары» атты еңбегінде Әдепті әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы деп есептейді.

Қаламыз облыс орталығы болғалы сырттан адамдар жиі келе бастады. Жұмыс бабымен қоныс аударушылар, жұмыс іздеп кеткен бір кездегі жерлестеріміз де оралуда. «Сырт көз сыншы» демекші келген адамдардың бірінші тілге тиек ететіні қала халқының әдеп, мәдениет төмендігі. Түркістан төрт жолдың торабы, сауда орталығы болғандықтан жақын маңдағы ауыл-аймақтардан көшіп келген дерменкелушілерде көп. Осының бәрін ескерсек әдеп, мәдениет жағынан төмен қалушылықтың салдары да анықталатын секілді. Бірақ, мәдениет пен әдептілік қала мен даланы бір-бірінен ажыратпайды, бөлмейді емес пе? Оқыған, көзі ашық деген адамдардың мәдениеті өз дәрежесінде ме? Қаламызда бірнеше орта арнаулы колледждер мен жоғары оқу орны бар. Сол ұйымдардың қызмет-керлері мен студенттерінің арасында да

ішнара кездесіп қаламын. Орта адамды тәрбиелейтіні рас болса осындай жағдайлар басынан өткен жастар көргенін жасайды. Олар да ертеңдөрекі мәдениетсіз болып шыға келеді. Барлық адамдар бірдей емес әрине, «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген бар. Мысалыға атын атаймай-ақ қояйын, бізде де бір бөлімдер бар, жұмыс бабымен кабинеттеріне бара қалсаңыз «Қолымыз тимей жатыр, кейін кел» деп шығарып салады, жауап берсе міндеті түрде кісілігін көрсетіп алдына бармастай етеді. Осының барлығы мінез-құлық нормаларын білмеуден шығады деп ойлаймын.

Мінез-құлық нормаларын білу және оны ұстану, өз іс-әрекеттерін ұстамдылық және бақылау қабілеті, адамдарға назар аудару және құрмет — бір сөзбен айтқанда, қоғамда жақсы мәнер деп санауға қабылданған барлық адам мінез-құлқының мәдениетіне жатады және этикетпен реттеледі.

Әріптестеріне қолдау көрсетуге және көмектесуге; өзгенің пікірін зейін қойып тыңдауға; сөз бен істің бірлігін сақтауға, уәдені орындауға; өз қатесін жасырмауға, өз қатесін мойындауға; өзіне (немесе өзімен байланысты адамдарға) қатысты да, өзгелерге қатысты да мүдделер қақтығысын туды-



әдепсіздік пен мәдениетсіздік деңгейінің төмендігін көргенде базарда сауда жасайтындар мен қара жұмыс жасайтын жұмысшылар жайында сөз қозғамай-ақ қояйық дегің келеді.

Әрбір қызметкер өзінің жұмысқа деген көзқарасымен және мінез-құлқымен ұжымда тұрақты, позитивті жағдайдың орнауына ықпал етеді. Сәл ғана сыпайы және әдепті болсақ, немқұрайлық пен дерексіздік көрсетпесек қандай керемет болар еді. Кейбір қызметкерлердің дұрыс жауап бермей, онымен қоймай дерексіздік көрсетуі кез-келген адамның сол күнгі көңіл-күйін түсіріп, денсаулығына зиян тиізіп отырғандарын түсінеді ме екен. Мен бұл тақырыпты босқа көтеріп отырған жоқпын. Осындай жағдаймен күнде болмаса да

ратын жағ-дайға жол бермеуге тырысса онда сол мекеменің беделі көтеріліп, жұмысы жү-рері анық.

Әділдік және әдептілік — қандай да бір ұйым, мекеме орындарының қызметінің және оның іскерлік беделінің негізі. Жеке мүдделер мен кәсіби қызметі арасындағы қақтығысқа жол бермейді. Ал жеке тұлғаны, адамды құрметтеу — лауазымына, жұмыс орнына, орындайтын қызметтік және еңбек міндеттеріне қарамастан, тұлғаны сыйлау тең дәрежедегі міндет — деп көрсетеді іскерлік кодексте.

Бір күн жалғанда бір-бірімізге сыйластық білдірейік.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

БІЛІМ-ҒЫЛЫМ

XXI ҒАСЫР - ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында оқушының жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруге, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуда.

Әрбір мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен мұраты тарих сахнасынан өзіндік орнын ала отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылу болса, сол экономикасы жақсы дамыған елдердің басты жетістіктері олардың қазба байлықтарының көптігі немесе жер көлемінің үлкендігінде емес, сондағы байлықты өз орнымен игере білуінде. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бүкілхалықтық дәрежеде мән беру-қазіргі таңдағы үлкен мәселе.

Ұлы Абайдың «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі» деген әйгілі сөзін еске алсақ, қазір құдайға шүкір, еліміз еңсе көтеріп, әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарымызға бет бұра бастадық.

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді талдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді. Осы бағытта мұғалімдердің инновациялық білім прогресіне бет бұруы көзделуде.

Жалпы инновациялық білім прогресінің негізіне педагогиканың екі маңызды проблемасы жатыр:

педагогикалық тәжірибені оқыту проблемасы;

психологиялық — педагогикалық ғылым жетістіктерінің практикасына дейін жеткізудің проблемасы.

Білімдегі инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын — теориялықта, практикалықта жаңалықтарды пайдалану болып табылады.

Мұнда білім жүйесіндегі инновация білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолданылып отырған педагогикалық жүйені тарату мен енгізу; мектепті басқарудың жаңа технологияларын әзірлеу, оның дамуы; мектеп тәжірибелік орын ретінде мектептің принципті жаңа білімдік бағдары болған жағдайда, білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұнын, әдісін, түрлері мен басқа компоненттерін көздейтін жүйелі сипаттағы білім тәрбие беруді жүзеге асырады. Олардың дамуының негізінде факторлардың екі тобы жатыр:

объективті факторлар — инновациялық қызметтің дамуына дем беретін және оның нәтижесінің ұғымын қамтамасыз ететін жағдай жасау;

субъективті факторлар инновациялық процестің субъектісімен байланысты, ал инновациялық процестердің субъектілері педагог — ғалымдар, мұғалімдер және

инновациялық бағыттағы білім саласының қызметкерлері болып табылады.

Ал инновациялардың тууының екі жолы бар. Біріншісі — тәжірибенің терең қойнауынан, педагогикалық ғылымның ұғымдары мен терминдерінен пайда болған жаңаны ой елегінен өткізу, екіншісі — жаңаның ғылымның өзінен тууы. Кейде бұл жолдар тоғысады. Мысалы, кейде педагог-практик жаңа қорытындылар мен іс-әрекеттерге, олардың ғылымда бұған дейін әзірленіп, ұсынылғанын білмей, өз бетінше келеді. Әрине, оның проблемаларын ғылым шешіп бергенше күтіп тұра алмайды, бірақ та мұғалімнің нағыз кәсіпқойлығы сонда, ол соңғы зерттеулердің нәтижелері туралы



үнемі хабардар болуға тиісті.

Екіншіше орай, қазіргі кезде мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асырылуға тиіс мол тәжірибе жинақталған, бірақ өте сирек қолданылады, өйткені көп мұғалімдер мен басшыларда оларды зерттеуге, қолдануға қажеттілік қалыптаспаған, оларды таңдап, талдауға біліктілігі мен іскерлігі жетіспейді. Шынайы практикада мұғалім көбіне өз педагогикалық тәжірибесін және әріптестерінің тәжірибесін талдауы керек екенін және диагностикалық зерттеулер жүргізілуін ойланбайды.

Ал, инновациялық процестерді зерттеудің диагностикалық әдісі мыналарды көздейді: мұғалімдердің педагогика қызметіндегі нақты қиыншылықтарды жеңу негізінде қалыптасқан кәсіби педагогикалық мүдделерін, қажеттерін, құнды бағдарын жүйелі зерттеу;

Мұғалімдердің мүдделері мен қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған жолдарды, тұжырымдамаларды, озық педагогикалық тәжірибе технологияларын зерттеу;

Педагогикалық инновацияларды енгізу және игеру түрлерін мұғалімнің тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес таңдау (көрініс, сипаттау, ашық сабақтар, әдебиетті зерттеу, баяндама дайындау, эксперименттік жұмысқа қатысу).

Сонда диагностикалық әдіс мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмысын жаңаша құруға мүмкіндік беретін жұмыс нәтижесінің баянды болуына ықпал етеді.

Бұл оқытудың түрткі берушілік функциясы жетістікке деген сенімін, жұмысқа қызығушылығын арттырады, кәсіби өсуіне және кәсіби құзіреттілігінің кіріктірілуіне мүмкіндік береді. Мұнда оқыту кәсіби шеберліктің жаңа қырларын меңгеруге, мамандығының күрделі қыр-сырына қол

жеткізуде пікірлестер табуға жол ашады.

Ендеше, мектепішілік инновациялық іс-әрекет біріншіден жаңалықты таңдау, оны іске асыру болса, екіншіден сол жаңалықты жүзеге асыратын мұғалімдердің инновациялық даярлығын қажет етеді.

Мұғалімдердің инновациялық даярлығын қалыптастыру үшін төмендегі жағдайлардың болуы шарт:

-білім беру мекемелері басшыларының инновацияны енгізудің құндылығын түсінуі;

-мектептің материалдық-техникалық базасын күшейту: мектептегі компьютерлер санын көбейту, оны түгелдей интернет жүйесіне қосу;

-мектептегі әдістемелік жұмыстарға жаңаша бағыт беру, әр мұғалімнің шығармашылығын арттыратындай ізденіс жұмыстарын жүргізу; -әрбір мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігін ашу;

-жаңа идеясы бар шығармашылық қабілеті жоғары маманның болуы;

-мектептің озық іс-тәжірибелерін жеке веб-сайттар арқылы тарату, пайдалану.

Жаңа енгізілген жаңалық немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналады. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол — ғылыми ізденістердің, жеке-леген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибиесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді.

Қазіргі уақытта қоғам, мәдениет және білімнің дамуында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлардан көрініп отыр.

Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесін мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие үрдістерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуға.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр.

Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеру және қолданылуға деген қатынасы сипатының өзгеруі. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жоғарыда ұсынылған жаңалықтарды практикада қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру органы басшыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасау болуы тиіс.

Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі, мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда.

Қазіргі мектеп жағдайларындағы білім

ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҒАСЫРЫ

берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диогностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы «баршаға білім беру» ескі сұрлеуінен тез арада арылып, жаңаша білім беру мазмұнына «әркімге таңдау бойынша білім беруге» көшуге қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылықпен ізденушілікпен жұмыс істейтік зерттеуші мұғалімдерді даярлауды қажет етеді.

Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудағы әдістемелік жұмыстардың алатын орны зор. Әдістемелік бірлестіктер мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру бағытында ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруды, мұғалімнің шығармашылығының қалыптасуына атсалысады.

Әдістемелік бірлестіктер оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық оқыту технологиялары қалай жүзеге асырылып жатқанын бақылап, инновациялық әдістемелік қызмет атқарады: білім сапасының нәтижесін тексеріп, білім сапасының мониторингісін жасайды, нәтижесін талдап, қорытынды шығарады.

Ендеше педагогикалық тәжірибені зерделеу мен қорытудың дәстүрлі нысандарын қарастырып көрелік:

Оқу – тәрбие жұмысының әр түрлі тақырыптары мен мәселелері бойынша ашық сабақтар. Тәжірибені зерделеу мен қорытудың бұл нысаны барлық мектептерде кеңінен қолданылады. Тәжірибелі педагогтардың ашық сабақтарына қатыса отырып, олардың әріптестері мен мектеп басшылары тәжірибенің шын мәніндегі озық жақтарын бүкіл ұжым болып талқылайды, атап көрсетеді, нақты педагогтың озат тәжірибесінің басқалардың игілігіне айналатын жағдайларын анықтайды.

Ғылыми-әдістемелік және ғылыми-практикалық конференциялар – озат тәжірибені зерделеу мен қорытудың ыңғайлы тәсілі. Конференцияның тақырыбына сәйкес мұғалімдер әдебиетпен танысып, өз тәжірибелерін, сондай-ақ әріптестерінің тәжірибелерін ой елегінен өткізеді.

Педагогикалық оқулар мұғалімнің өз тәжірибесін талдауын, ой елегіне өткізуін және қорытуын мақсат етеді. Ол алдымен әдістемелік секцияда, бірлестікте немесе педагогикалық кеңесте, өндірістік кеңесте баяндама жасайды. Содан кейін педагогикалық оқулар өткізіліп, үздік баяндамалар аймақтық оқуларға, журналдарда, мақалалар жинақтарында жариялауға ұсынылады, т.с.с.

Педагогикалық консультациялар ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Жаңашыл педагогтың жұмысында мәселелер, қиындықтар, кейде күмән туындайды. Педагогикалық консультацияны жұмысты жаңа бастаған, тәжірибесі аз оқытушылар үшін тәжірибелі мұғалімдер жүргізеді.

Өздігінен білім алу – егер тәжірибе баяндамалар, мақалалар, брошюралар, монографиялар, әдістемелік әзірлемелер, жаднамалар, нұсқаулықтар түрінде жазылып, қорытылған болса, бұл кез келген педагог үшін басқа педагогтардың тәжірибесін зерделеудің қолжетімді, тиімді әрі қажетті нысана.

Мұндай біліктілік арттырудың инновациялық формалары мұғалімдердің шығармашылығын дамытуға, зерттеу жұмысы мен айналысуға, қабілеттілігі мен қызығуын тудыруға жеке тұлға туралы теориялық білімдерін тереңдетуге және болашақта оқу- тәрбие үрдісінде оны дамытуға қолайлы жағдай жасауға өз үлесін қосары даусыз.

Біліктілік арттырудың инновациялық формаларының негізгі міндеттері:

-Қазіргі инновациялық педагогикалық технологияларды оқып үйрену;

-Республика, ТМД, әлемдегі педагогикалық озық іс- тәжірибелерді оқып үйрену, зерттеу, талдау, насихаттау, тарату, пайдалану;

-Жаңашыл мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерін зерттеу;

-Болашақ мұғалімдердің жоғары интеллектальдық, шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, оны дамыту;

-Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру мақсатында эксперименттік тәжірибелер жүргізу.

Ендеше, ғылыми педагогикалық ақпараттарды талдай отырып инновациялық нысандардың бірнеше түріне тоқталып өтелік.

Уақытша шығармашылық топтар — бұл топтар жаңа жобаларды құруға және олардың жүйелі іске асыуына, эксперимент жұмыстарының дұрыс жүргізілуі үшін құрылады.

Кәсіби даму мектептері – бұл педагог кадрлардың біліктілік деңгейіне қарай бірнеше топтарға іріктелген топтар.

Оларға: 1. «Жоғарғы деңгейдегі кәсіби даму мектебі»;

«Мұғалімнің кәсіби дамуына негізделген мектептер» ;

«Кәсіби дамуға негізделген жас мектептер».

Педагогикалық шеберханалар бұл ізденімпаз ұстаздардың жұмысын толыққанды орындауға белгіленген орын немесе өзінің озат-тәжірибесімен бөлісетін жұмыстың формасы болып табылады.

Ендеше, осыны іске асыру бағытында мектептің даму бағдарламалары жүйелі негізде жасалынып, жоғарыда айтылған дәстүрлі нысандағы кемшіліктерді ескеріп диагностикалық сараптама жүргізіліп мұғалімнің кәсіби өсуімен кәсіби құзіреттілігін арттыруды мақсат етеді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Қазіргі мектептердің, біріншіден, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы, екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық – қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет», — деп атап көрсетілуі мұғалім іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді. Бұл заңда қазіргі кезеңде мұғалімдердің біліктілігін жетілдірумен қатар, кәсіби қызметтің ғылыми негіздерін практикаға қолдануға, практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген.

Қазіргі кезеңде педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Ал мұның өзі мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік, үлкен міндет жүктейді. Мұндай міндеттерді шешу мұғалімдерден оқушыларға берілетін ғылым негіздерін олардың болашақ іс-әрекетінің берік негізі әрі тірегі болатындай етіп оқытуды, оқу-тәрбие үрдісін, білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолдануын тиімділігін арттырудың, оқытудың инновациялық технологиясын меңгеруді, педагогикалық жаңалықтарды тәжірибеге батыл енгізуді талап етеді.

Мұғалімдердің инновациялық даярлығын қалыптастыру – олардың жаңа педагогикалық технологияны меңгеруінің алғы шарты. Ал мұғалімдердің жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруі мен оны оқу-тәрбие үрдісіне енгізу – уақыт

талабы. Өйткені жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімдердің іскерлігін, ізденісін туғызып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашса, оқушылардың білім сапасын арттыруға өз үлесін қосады. Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық үдерістің компоненттерінің өзгерістерін енгізеді: мақсаттары, білім беру мазмұны, оқытудың формасы, әдістері, тәсілдері, технологиялары, басқару жүйесі және т.б. Сонымен бірге барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге келеді, себебі инновация - мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс.

Бүгінде инновациялық өзгерістер әртүрлі бағыттарда жүруде, білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру; оқытудың жаңа технологияларын өңдеу мен жүзеге асыруда; жаңа бағдарламаны меңгерудің әдістері мен тәсілдерін қолдану; оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік анықталуына жағдай туғызу; мұғалім мен оқушының ойлау стилінде, өзара қарым-қатынастарында өзгеріс, білім беру мекемелерінде шығармашылық инновациялық ұжымды жасау және дамыту. Бұл үдерістердің барлық қарама-қайшылықтарында, шығындарында, кемшіліктерінде олар позитивті сипат береді. Осы инновация әлеуметтік институт ретінде білім беруге тән керітартпалықты жоюға мүмкіндік береді, әлеуметтік тапсырыс, мемлекеттің, тұлғаның қажеттілігінің өзгерісіне жедел және икемді жауап беру механизмін құру жағдайларын қамтамасыз етеді, бұл бүгінде отандық білім беруді дамытудың өзекті міндеттері ретінде қарастырылады.

Осылайша, жоғарыда қарастырылған педагогикалық инновацияның болмысын ұғу амалдарындағы ортақ нәрсе олардың басты назары педагогикалық шығармашылықтың үдерісі мен нәтижесінде болуында. Барлық зерттеушілер білімнің инновациялық үдерістердің болмысын жаңа теориялық талдап, түсінік беруге, үздіксіз инновациялық қозғалысты қамтамасыз етуге қажеттілігін атап өтеді. Бұл қажеттілік, өз кезегінде мамандардың арнайы даярлау, соның ішінде педагогикалық инновация саласында құзыретті педагогтерді даярлау мәселелесін өзектендіреді. Инновациялық іс-әрекетке, үздіксіз инновациялық режимде жұмыс жасауға педагогтерді даярлау арқылы инновациялық білім беруді дамытудың сәттілігі анықталады. Осы даярлықтың маңызды құрылымдық бөліміне қоғамның, еңбек нарығының, тұлғаның, технологиялардың және үздіксіз ақпараттық ортаның жаңаруына өз кәсіби іс-әрекетінде оперативті әрекет етіп, икемді болу қабілеті жатады. Сонымен, педагогтің құзыреттілігі білім берудегі инновацияның дамуының тұрақтылығының маңызды шарттарының бірі. Сондықтан, педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін мақсатты дамыту-білімнің инновациялық дамуының маңызды факторы. Біліктілікті арттырып тәжірибеге араласқаннан кейінгі мұғалімдердің дәстүрлі оқыту әдістемесіне көшіп кетпеуі үшін мектепшілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық әдістемелік қолдау мен біріккен әрекетті жүйелі жүзеге асыру маңызды. Бүгінде желілік қоғамдастықтар, әртүрлі формада тәжірибе алмасулар, ортақ ойды ортаға салатын басылымдар, іс –тәжірибені тарату жұмыстарының жүйелі жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде мұғалімге кәсіби қолдау, даму, кәсіби құзыреттіліктің арттыру қолайлы факторлары болып табылады.

Ықылас МОЛДАЛИЕВ – медицина ғылымдарының докторы, профессор

GAZETENİN TÜRKÇE YAYIN BÖLÜMÜ



Ahmet Yesevi Üniversitesi TÜRTEP 2024-2025 Güz Dönemi Oryantasyon Toplantısı Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek'in Katılımıyla Gerçekleştirildi



Toplantıya Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK başta olmak üzere TÜRTEP Başkanı Prof. Dr. Halil İbrahim BÜLBÜL, TÜRTEP İdari Birim Çalışanları ve TÜRTEP Danışman Öğretim Üyeleri katıldı.

Açılış konuşmasında Türkiye'de uzaktan eğitim konusunda öncü bir kurum olduklarını söyleyen Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Ahmet Yesevi Üniversitesinin uzaktan eğitim uygulamasıyla öğrenci ve öğretim elemanlarının mekân engelini kaldırdığını ve bu uygulamaları ile uzaktan eğitim alanında Türkiye'de âdeta bir marka haline geldiklerini belirtti.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK TÜRTEP'e katılan yeni danışman öğretim üyelerinin bilgi ve deneyimlerinden azami derecede yararlanmanın öncelikli hedef olarak belirlendiğini söyleyerek, danışman öğretim üyelerinin TÜRTEP'i daha ileriye götürme noktasında yapılacak çalışmalarda üniversitemizin yoluna ışık tutacağına inandığını belirterek yeni eğitim-öğretim yılının hayırlı olmasını diledi.

2024-2025 öğretim yılında TÜRTEP'e katılan Danışman Öğretim Üyelerine, TÜRTEP Uzaktan Eğitim Bilgi Sistemiyle ilgili bilgiler, Prof. Dr. Halil İbrahim BÜLBÜL tarafından verildi.

Oryantasyon toplantısında, Danışman Öğretim Üyelerine İnternet Tabanlı verilecek olan eğitimde yapılması gereken işlemler hakkında bilgi paylaşımı yapıldı ve danışman öğretim elemanlarının soruları yanıtladı.

AHMET YESEVİ HASTANESİ İLKLERE İMZA ATMAYA DEVAM EDİYOR

Türkistanyaletinde ilk defa trigeminalsinir nevraljisi radyofrekans ablasyon yöntemiyle hastanemize başvuran Tacikistan vatandaşı bir hastada tedavi edildi. Sağlık Turizmi kapsamında 2024 yılında çevre ülkelerden hasta kabul etmeye başladıklarını belirten Tıp Fakültesi Hastanesi Başhekimi Uzm. Dr. Mehmet Ziya Gençer orta asya ölçeğinde hizmetlerinin devam edeceğini ve Tacikistan, Özbekistan, Kırgızistan'dan daha fazla hastaya ulaşmayı hedeflediklerini belirtmiştir.



MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANIMIZ PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANLIĞI İDARI PERSONELİYLE BİR ARAYA GELDİ



Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Mütevelli Heyet Başkanlığı idari personeliyle bir araya geldi. Toplantıda, Prof. Dr. Şimşek personelin görüş ve önerilerini dinleyerek Üniversitemizin gelecekteki hedefleri ve projeleri hakkında önemli açıklamalarda bulundu.

Milli Güvenlik Kurulu Genel Sekreteri Sayın Seyfullah Hacımüftüoğlu Üniversitemizi Ziyaret Etti

Milli Güvenlik Kurulu Genel Sekreteri Sayın Seyfullah HACİMÜFTÜOĞLU üniversitemizi ziyaret etti. İdari ve akademik personelimizle ve öğrencilerimizle bir araya gelen Sayın Hacımüftüoğlu kendisine sorulan soruları yanıtlayıp, öğrencilerimiz ve personelimize iyi dileklerini ilettili.



YEMEKHANE WEB SITEMİZ AÇILDI!

Yemekhanemizin web sitesi açıldı ve kullanıma hazır! Artık anketlere katılabilir, menülere göz atabilir, ücretleri öğrenebilir ve güncel haberleri

doğrudan web sitemizde takip edebilirsiniz.

Site bağlantısı: <https://askhana.ayu.edu.kz/>



ÜNİVERSİTEMİZDE AKADEMİK MÜKEMMELİYET MERKEZİNİN KURULMASINA YÖNELİK PROJE HEDEFLİ FİNANSMAN PROGRAMI GERÇEKLEŞECEKTİR

Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından hazırlanan “Güney Kazakistan Bölgesinin Sürdürülebilir Kalkınması için Yenilikçi Teknolojilerin Geliştirilmesi ve Modern Altyapının Oluşturulması” adlı ve bütçesi 4 milyar tenge olan proje Hedefli Finansman Programı'nın bütün değerlendirme süreçlerinden başarı ile geçerek Milli Bilim Konseyi tarafından kazananlar listesinde ilan edildi.

Üniversitemiz tarafından yürütülecek olan BR24992814 No'lu “Güney Kazakistan Bölgesinin Sürdürülebilir Kalkınması için Yenilikçi Teknolojilerin Geliştirilmesi ve Modern Altyapının Oluşturulması” adlı proje, Kazakistan Cumhuriyeti Bilim ve Yüksek Öğretim Bakanlığı Bilim Komitesi tarafından ilan edilen 2024-2026 Bilim ve Bilimsel-Teknik Projelerine Yönelik Hedefli Finansman Programı kapsamında finanse edilmektedir. Proje ekibinde Kazakistan, Türkiye, Almanya ve diğer ülkelerden önde gelen bilim insanları yer almaktadır. Tıp, biyoteknoloji ve ekoloji alanlarını kapsayan multidisipliner projemiz, bu alandaki araştırmalara önemli katkı sağlayacaktır.

Programın amacı tıp, biyoteknoloji ve ekoloji konularında kapsamlı araştırmalar yapmak ve Aral-Syr Darya bölgesinin entegre ve sürdürülebilir yenilikçi kalkınmasını sağlamak için biyolojik kaynakların etkili yönetiminin bilimsel ve pratik yollarını geliştirmek, çevreyi izlemek, yeşil teknolojiyi geliştirmektir. Ayrıca, bölgedeki sürdürülebilir kalkınmayı ve işleme endüstrilerini kontrol etmek ve uygulamalı mikrobiyoloji alanında danışmanlık yapmak ve altyapıyı oluşturmaktır.

Sadece üniversitemiz için değil, Türkistan bölgesinin gelişimi konusunda önemli projeye imza atılması bütün bölge halkına hayırlı olsun! Halk iyiliği için yapılan bilimsel araştırmalarımız başarılı olmasını dileriz!

Bununla birlikte üniversitemizde araştırma projelerinin son 4 yıldaki gelişim eğilimi hakkında bilgiyi sunuyoruz. 2021-2024 yılları arasında Ulusal Bilim Konseyi kabul eden toplam 44 hibe projesi devlet tarafından desteklenmektedir. Bu projelerin toplam finansman tutarı 7.407.915.078,52 tengeyi oluşturmaktadır.

Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Gazi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Uğur Ünal'ı Ziyaret Etti

Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Gazi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Uğur Ünal'a hayırlı olsun ziyaretinde bulundu. Ziyarette ortak yapılması planlanan projeler ele alındı.

PROF. DR. MUHITTİN ŞİMŞEK, ANKARA ÜNİVERSİTESİ REKTÖRÜ PROF. DR. NECDET ÜNÜVAR'I ZİYARET ETTİ



Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Ankara Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Necdet Ünüvar'a hayırlı olsun ziyaretinde bulundu. Ziyarette ikili iş birliği hususları değerlendirildi.

«Türk Dünyası ve Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi Çalıştayı» Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde Başladı

«Türk Dünyası ve Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi Çalıştayı» Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde başladı. Çalıştay, iki gün boyunca sürecek ve toplamda 10 oturumdan oluşacak. Çalıştayda, Türk dünyasının kültürel mirası ve Hoca Ahmet Yesevi'nin etkisi detaylıca ele alınacak.



ЖАТАҚХАНА ТЫНЫСЫ



ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ЖАТАҚХАНА ТЫНЫСЫ, ЖАҚСЫ МЕКЕН СТУДЕНТТЕР ЫРЫСЫ

«Үйі жоқтың күйі жоқ» дегендей қай оқу орны болмасын студенттердің бірінші уайымы жатақханаға орналасу екені белгілі. Қыркүйек ай басталысымен жаңа оқуға түскендері бар, басқасы бар жатақханадан орын алғандары қуанып, аламағандары есік күзетіп, бір ай көлемінде орналасып болады. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті де студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуді жоғары орынға қояды. Студенттердің игілігі үшін жатақханалар жұмыстар атқаруда. Біздің жатақханалар кампус ішінде орналасқан. Мұнда оқу залдары, кітапхана, теннис, футбол және баскетбол алаңдары, сауықтыру орталығы мен асхана бар. Тұрғын үй мен жеке шығындарды студенттер өздері көтереді. Кентау қаласында орналасқан дайындық орталығында да жанға жайлы жатақхана білімгерлерге есігін айқара ашуда. Еліміздің түкпір-түкпірі мен алыс-жақын шетелдерден келген студенттердің жылы ұясына айналған жатақханада тұрғындар алаңсыз тұруына жағдай жасалған.


Жұмысшылар мен қызметкерлерге арналған тұрғын үйлер:

«Тұран» жатақханасы 53 орынды ұсынады.

Мағжан қалашығында 10 коттедж және 76 пәтер бар. Баян Батырда 13 пәтер бар.

«Самал» мұғалімдер жатақханасында 36 пәтер қарастырылған.

Біздің университетте 6 студенттік жатақхана және 3 отбасылық жатақхана бар. Студенттер кітапхананы, оқу залын, спорт залды, кір жуатын орындарды және конференц-залдарды пайдалана алады. Сонымен қатар, олар үшін үш асхана мен бес буфет бар.



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа және PR бөлімі:

Гүлдана Қазтай

Тілшілер:
Журналистика мамандығының
студенттері

Фото маманы: Нахып ШЕРІ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassui@mail.ru